

**2023-2025 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама
бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурстық
құжаттама**

1. Жалпы ережелер

1. Конкурс Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауларын, «Қазақстан-2050» стратегиясын, «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы, Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспары мен басқа да стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды іске асыруға бағытталған 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру (бұдан әрі – Конкурс) бойынша өткізіледі.

Конкурстың мақсаты – стратегиялық маңызды мемлекеттік міндеттерді шешу мақсатында ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыру.

2. Осы 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттама (бұдан әрі – Конкурстық құжаттама) «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 мамырдағы № 519 қаулысымен бекітілген Ұлттық ғылыми кеңестер туралы ережелеріне (бұдан әрі – ҰҒК туралы Ереже), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 қаулысымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыру және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті коммерцияландыру қағидасына (бұдан әрі – Қаржыландыру қағидасы), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы № 891 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидасына (бұдан әрі – Сараптама қағидасы) сәйкес әзірленді.

3. Конкурстық құжаттаманы атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

4. Конкурстық құжаттама бойынша түсіндіруді жүзеге асыратын салалық уәкілетті орган тұлғасы – Исаева Асель Хасымовна, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атом энергетикасы және өнеркәсібі департаменті ғылыми-техникалық жобалар басқармасының басшысы.

5. Ұлттық ғылыми кеңестің (бұдан әрі – ҰҒК) «Энергетика және машина жасау» басым бағыты бойынша 2022 жылғы 29 наурыздағы отырыстың № 3 хаттамасымен ұсынылған және 2022 жылғы 11 шілдедегі Жоғары ғылыми-техникалық комиссия хаттамасымен бекітілген 2023-2025 жылдарға арналған қаржыландырудың жалпы сомасы – 900 млн. теңге, оның ішінде жылдар бойынша: 2023 жылы – 300 млн. теңге, 2024 жылы – 300 млн. теңге, 2025 жылы – 300 млн. теңге. Қаржыландыру сомасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес өзгертілуі мүмкін.

6. Зерттеу түрі: қолданбалы зерттеулер.

2. Басым және мамандандырылған ғылыми бағыттың атаулары

Кесте

Басым бағыт	Мамандандырылған ғылыми бағыт
Энергетика және машина жасау	Баламалы энергетика және технологиялар: жаңартылатын энергия көздері, ядролық және сутегі энергетикасы, басқа да энергия көздері.

3. Ғылыми жетекшіге және зерттеу тобына қойылатын біліктілік талаптары, сондай-ақ бағдарламалардың нәтижелілігін қамтамасыз етуге ықпал ететін өзге де біліктілік талаптары

1. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсқа ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілері, сондай-ақ дербес білім беру ұйымдары мен олардың ұйымдары, оның ішінде бірлескен орындаушылар ретінде қатысады.

2. Қалыптастырылатын нысаналы ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама стратегиялық маңызды мемлекеттік міндеттерді шешуге бағытталуы, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің бірнеше бағыттарынан тұруы және осы Конкурстық құжаттамаға 4-қосымшаға сәйкес техникалық тапсырманың талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Нысаналы ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама нысаналы бағдарлама шеңберінде нақты міндеттерді шешуге бағытталған бірнеше кіші бағдарламаны қамтуы мүмкін. Нысаналы бағдарламаны кіші бағдарламаларға бөлу шешілетін проблемалардың ауқымы мен күрделілігіне, сондай-ақ нақты нәтиже ала отырып, оларды шешуді ұтымды ұйымдастыру қажеттілігіне қарай жүзеге асырылады.

Орындаушылар бағдарламаның қойылған мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс.

Бағдарламаның ғылыми жетекшісінің (бұдан әрі – бағдарлама жетекшісі) кемінде 5 (бес) жыл ғылыми зерттеу тәжірибесі болуы, Қазақстан Республикасының резиденті болуы және мынадай ең төменгі біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс:

– философия докторы (PhD), немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі, немесе ғылыми дәрежесінің (ғылым докторы/кандидаты) бар болуы; бұл ретте шетелде алынған дипломдардың баламалылығын тану рәсімінен өту талап етілмейді;

– бағдарлама жетекшісінің ғылыми зерттеу саласы және (немесе) оның ғылыми-зерттеу және (немесе) ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесі ғылыми бағдарламаның бағытына сәйкес келуі тиіс.

3. Бағдарлама жетекшісінің 2017-2021 жылдары:

– Web of Science деректер базасының импакт-факторы бойынша алғашқы үш квартиліне (Q1, Q2, Q3) кіретін және (немесе) Scopus деректер базасында CiteScore бойынша кемінде 50 (елу) процентілі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 3 (үш) мақала және (немесе) шолулары болуы тиіс.

3.1. Web of Science (оның ішінде – Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index) және Scopus базаларындағы журналдарда мақалалар немесе шолулар ретінде тек осы базаларда индекстелген (бар) және Article (Мақала), Review (Шолу) немесе Article in Press (Баспасөздегі мақала) типі бар жарияланымдар ғана есептеледі. Web of Science деректер базасындағы журналдың квартилі және CiteScore журналының Scopus базасындағы процентілі жарияланған жылы немесе өтінім берген сәтте соңғысы ескеріледі.

Өртүрлі бұзушылықтар үшін өтінім беру кезінде Scopus базасында индекстелуі тоқтатылған журналдарда жарияланған мақалалар мен шолулар

(<https://www.elsevier.com/solutions/scopus/how-scopus-works/content> бетінің «Source title list» файлындағы Discontinued titles парақ) есепке алынбайды.

3.2. Орталықтың ақпараттық жүйесіндегі «Негізгі ақпарат» бөлімінде осы конкурстық құжаттаманың 3 бөлігінің 3-тармағының талаптарына сәйкес келетін келетін, толық библиографиялық сипаттамасы, Web of Science және/немесе Scopus деректер базасы бойынша журналдардың квартильдері және/немесе процентильдері, сондай-ақ Digital Object Identifier (бұдан әрі – DOI) немесе URL міндетті түрде көрсетілген жарияланымдардың тізімі келтірілуі тиіс.

3.3. Бағдарлама жетекшілерінің БҒССҚК ұсынған басылымдардағы жарияланымдары, егер ол Интернет желісінде орналасқан журналдың немесе оның DOI түпнұсқалық сайтында веб-беттің URL адресі келтірілген жағдайда ғана ескеріледі, «Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс» басымы бағыты бойынша берілген және (немесе) мемлекеттік құпияларды құрайтын және қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалардан басқа.

БҒССҚК ұсынған ғылыми басылымдағы мақалаға келесі жарияланымдар теңестіріледі:

– Web of Science және (немесе) Scopus деректер базасында индекстелетін шетелдік ғылыми басылымдағы мақала немесе шолу;

– өнертабысқа патент немесе енгізу актісі;

– немесе бағдарлама жетекшісінің үлесі бар монография.

4. Топ құрамына Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, өндіріс инженерлерінің және (немесе) шетелдік ғалымдардың (мемлекеттік құпияларды және таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты құрайтын мәліметтерді қамтитын ғылыми және ғылыми-техникалық жобалардың жетекшілерін қоспағанда) 30 (отыз) %-дан аспайтын бөлігі (зерттеу тобы мүшелерінің жалпы санының, ғылыми жетекшіні қоспағанда) тартылуы мүмкін. Шетелдік ғалым Қазақстан Республикасы резиденттігінің болуы туралы талапты қоспағанда, ғылыми жетекшілерге қойылатын осы конкурстық құжаттаманың 3-бөлімінің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5. Зерттеу тобы мүшелерінің кемінде 30 (отыз) %-ы конкурстық өтінім беру кезінде 40 (қырық) жастан аспайтын мамандар, ғалымдар, докторанттар және (немесе) магистранттар қатарынан болуы тиіс.

6. Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы салалық уәкілетті орган бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурстың қорытындылары бойынша ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша бас ұйымды айқындауы мүмкін, ол оны іске асыруды сүйемелдеуді және орындалатын бағдарлама шеңберінде орындаушы ұйымдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады. Бас ұйым өзі үйлестіретін нысаналы ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыруға жауапты болады.

7. Зерттеу жүргізу үшін қажетті ядролық, радиациялық және электрофизикалық қондырғыларды пайдалануды қамтитын өзінің қажетті ғылыми инфрақұрылымы, жоғары білікті персоналы бар дербес мамандандырылған ғылыми ұйымдар, ғылыми-зерттеу институттары, жетекші университеттер және олардың еншілес кәсіпорындары басымдыққа ие.

8. Бағдарламаны іске асыру шеңберінде күтілетін нәтижелер сұратылған қаржыландыру көлеміне сәйкес шартталуы және негізделуі тиіс.

9. Бағдарламаларды орындаушы ұйым жетекшісінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудан қаражатты ұстап қалуына жол берілмейді.

10. Бағдарлама шеңберінде мемлекеттік ұйымдар сатып алған жабдық, аспаптар және (немесе) құрал-сайман олардың балансына тіркеледі.

4. Конкурса қатысуға қажетті құжаттар

1. 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік, орыс тілдеріндегі ілеспе хат;

2. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (заңды тұлғалар үшін) немесе құжат, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі/төлқұжаты (жеке тұлғалар үшін);

3. Өтінім берушінің аккредитация туралы куәлігінің көшірмесі – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі;

4. 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде конкурсқа қатысуға өтінім (аннотация, түсіндірме жазба және сұратылатын қаржыландыру есебі);

5. 3-қосымшаға сәйкес ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша ұсынылатын ақпараттың дұрыстығы туралы өтініш;

6. Биоэтика мәселелері жөніндегі жергілікті және (немесе) орталық комиссияның оң қорытындысы (адамдар мен жануарларға биомедициналық зерттеулер үшін);

7. Іске асыру мерзімдері мен салым сомасын көрсете отырып, жеке әріптес тарапынан (қоғамдық, гуманитарлық ғылымдар, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қорғаныс ғылымы саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді қоспағанда, қаржы ресурстармен ішінара қамтамасыз ету туралы) бағдарламаны іске асырудың барлық кезеңіне өтінімнің жалпы сомасының кемінде 1 %-ын құрайтын еркін нысанда салым туралы келісім.

5. Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысуға арналған өтінім нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптар, жеке әріптес (тер) тарапынан үлес қосу көлемі мен шарттары

1. Конкурсқа қатысуға өтінім 2-қосымшаға сәйкес жасалады. Аннотация және түсіндірме жазба мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде, ал сұратылатын қаржыландыру есебі мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады. Өтінім мәтінінің мазмұны 3 (үш) тілде бірдей болуы тиіс. Әр тілде жасалған мәтінде айырмашылық болған жағдайда, мемлекеттік тілде дайындалған мәтін басым күшке ие болады.

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын өтінім мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

Өтінімнің Word форматындағы мазмұны is.ncste.kz ақпараттық жүйедегі мазмұнмен бірдей болуы тиіс.

2. Өтінім бағдарламаны іске асыру мерзімі туралы ақпаратты қамтуы тиіс – 3 (үш) жылдан аспайды.

3. Өтінім 2-қосымшаға сәйкес бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмысына таңдалған техникалық тапсырмаға сәйкес келуі тиіс.

4. Зерттеулердің негізгі күтілетін нәтижелері сұралып отырған қаржыландыру көлемімен өлшемдес болуы тиіс.

5. Ғылыми жетекшіні қоса алғанда, зерттеу тобының барлық мүшелерінің жалпы жалақы қоры (еңбекке ақы төлеу) бағдарламаны іске асырудың барлық кезеңі үшін (салық және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдерді қоса алғанда) сұратылып отырған қаржыландырудың жалпы көлемінің 70 (жетпіс) %-ынан аспауы тиіс.

6. Барлық кезең ішінде бағдарламаны іске асыру үшін қажетті жабдық және (немесе) программалық жасақтама бағдарламаны іске асырудың бірінші жылында сатып алынуы мүмкін.

7. Бөгде ұйымдардың (үшінші тұлғалардың) қызметтеріне арналған шығыстар бағдарламаны іске асырудың барлық кезеңі үшін сұратылған қаржыландырудың жалпы көлемінің жиынтығынан 30 (отыз) %-дан аспауы тиіс.

8. Коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтер міндетті түрде «коммерциялық құпия» деген белгімен ұсынылады.

9. Өтінімдер академиялық және зерттеу этикасының қағидалары мен нормаларына сәйкес келуі тиіс.

10. Өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі конкурс жарияланған күннен бастап кемінде 30 (отыз) және 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

11. Қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша нысаналы бағдарлама алуға үміткер қатысушы жеке әріптестің бағдарламаны қажетті ресурстармен, оның ішінде, қоғамдық, гуманитарлық ғылымдар, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қорғаныс ғылымы саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді қоспағанда, қолданбалы зерттеулер жөніндегі бағдарламаны іске асырудың бүкіл кезеңіне өтінімнің жалпы сомасының кемінде 1 %-ы құрайтын жеке әріптестің (әріптестердің) қатысуын қамтамасыз етеді.

Бағдарламаның атауын, іске асыру мерзімдерін, салым сомасын немесе қажетті ресурстарды көрсете отырып, сондай-ақ екі тараптың мөрлерімен қол қойылған және куәландырылған еркін нысандағы салым туралы келісім тараптардың ниетін растау болып табылады.

Бағдарламаны іске асыру барысында жеке әріптес салым ниетінен бас тартқан не баламалы ауыстыру болмаған жағдайларда ҰҒК шешімі бойынша бағдарламаны қаржыландыру тоқтатылуы мүмкін.

6. Конкурса өтінім беру процесі

1. Өтінім беруші конкурса өтінімді Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне бағдарлама жетекшісінің және өтінім берушінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын зерттеу тобы мүшелерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық түрде «Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама ұлттық орталығы» АҚ (бұдан әрі – Орталық) ақпараттық жүйесі арқылы www.is.ncste.kz сілтемесі бойынша ұсынады. Сараптама жүргізу қағидаларының 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес, өтінімге қол қойылғаннан кейін Орталықтың ақпараттық жүйесінде жеке тіркеу нөмірі (бұдан әрі – ЖТН) беріледі.

2. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын өтінімдер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес қағаз түрінде (2 данада) және CD-дискіде (2 дана) ұсынылады.

Өтінімдер қағаз және электрондық нұсқада (дискіде) мемлекеттік және орыс тілдерінде беріледі. Қағаз тасығыш тізімдемесі бар брошюра ретінде тігіледі, соңғы бетте парақтардың саны (құпия және құпия емес парақтардың саны) көрсетіле отырып, қорытынды жазба жасалады және мөр басылған жапсырмамен бекітіледі. Қағаз тасығышқа түгендеу нөмірі беріледі, өтінімнің электрондық нұсқасы бар дискіде ЖТН болуы тиіс.

Субъектінің мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссиясының отырысында бекітілген ҚР Ведомстволық мәліметтер тізбесінің (бұдан әрі – ҚР ВМТ) бабына сілтеме жасай отырып, өтінімнің құпиялылық белгісін беру туралы анықтама-негіздеме өтінімге тігіледі.

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шегінде таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын өтінімдерді жіберуді, әдетте, фельдъегерлік қызмет немесе «Қазпошта» – «Республикалық арнайы байланыс қызметі» АҚ («Қазпошта-РАБҚ» АҚ) арқылы жүргізеді. Бұл ретте хатқалтада (пакетте) құпиялылық белгісін және «Таратылуы шектелген қызметтік ақпарат үшін» деген белгіні көрсету қажет.

2.1. Таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын өтінімдер таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың құпиялылығын сақтау шарттарында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 маусымдағы № 429 «Мәліметтерді таратылуы

шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» қаулысының талаптарына сәйкес ресімделеді.

2.2. Мөрдiң орны көрсетiлген қосымшаларда – мөрдiң басылуы мiндеттi.

3. Өтiнiмдер өтiнiм берушiге пысықтау үшiн келесi жағдайларда жiберiледi:

1) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға ұсынылған бағдарламаның ЖТН болмауы;

2) 2-қосымшаға сай өтiнiмдi ресiмдеудiң сәйкес келмеуi және осы конкурстық құжаттаманың 4-бөлiмiнде талап етiлетiн құжаттардың ұсынылмауы;

3) МҒТС объектiсiнiң тақырыбын немесе мазмұнын бұрын берiлген, бiрақ қаржыландыру үшiн мақұлданбаған не бiр мезгiлде берiлген МҒТС объектiлерiмен қайталау фактiлерiнiң болуы;

4) осы конкурстық құжаттаманың 4-бөлiмiнде көрсетiлген бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысушының ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектiсiн аккредиттеу туралы куәлiктiң болмауы;

5) этика және биоэтика мәселелерi жөнiндегi орталық немесе жергiлiктi комиссиялардың оң қорытындысының болмауы (адамдар мен жануарларға биомедициналық зерттеулер үшiн);

б) ғылыми жетекшiнiң осы конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеуi;

7) жеке әрiптес тарапынан салым туралы келiсiмнiң болмауы.

Өтiнiм берушi Ұйымдастырушыдан көрсетiлген ескертулердi алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнi iшiнде пысықталған өтiнiмдi Ұйымдастырушының ақпараттық жүйесi арқылы жiбередi.

Өтiнiм берушiлерден пысықталған өтiнiмдердi алған күннен бастап Ұйымдастырушы бұрын көрсетiлген ескертулердi жоюға тексеру жүргiзедi. Өтiнiм берушi ескертулердi жоймаған жағдайда, Ұйымдастырушы өтiнiмдi Тапсырыс берушiге 3 (үш) жұмыс күнi iшiнде қайтарады.

7. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық бағдарламаны iске асыру қорытындылары бойынша күтiлетiн нәтижелерге қойылатын талаптар

1. Бағдарламаның тiкелей және түпкiлiктi нәтижелерi бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберiнде ғылыми-зерттеу жұмысына арналған техникалық тапсырмаға толық көлемде сәйкес келуi тиiс.

2. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық бағдарламаны iске асыру қорытындылары бойынша осы конкурстық құжаттамаға 4-қосымшаға сәйкес техникалық тапсырмада көрсетiлген жарияланымдар саны жариялануға тиiс.

3. Бағдарламаны iске асыру нәтижесiнде дайындалған ғылыми-техникалық өнiм (*жаңа технологиялар, әдiстемелер, программалық жасақтама, техникалық құжаттама, проблемаларды шешуге арналған ұсынымдар, ғылыми-техникалық, тәжiрибелiк-конструкторлық және тәжiрибелiк-өнеркәсiптiк әзiрлемелер, географиялық, геологиялық, сейсмикалық және басқа да карталар, жаңа материалдар, заттар, жабдықтар, препараттар, құралдар және басқалар*) қорғау құжатымен, енгiзу актiсiмен, енгiзу жөнiндегi ұсынымдармен, лицензиялық келiсiммен, коммерцияландыру жобасына арналған өтiнiммен қатар фотосуреттер, бейнелер және өзге де ақпаратты қоса бере отырып, орындаушы ұйымның басшысы куәландырған құжат түрiнде ұсынылуы мүмкiн.

4. Енгiзу актiсiнде қол жеткiзiлген және (немесе) күтiлетiн әлеуметтiк-экономикалық әсер туралы деректер қамтылуға тиiс.

5. Бағдарлама барысында және (немесе) оны аяқтағаннан кейiн алынған ғылыми жұмысты, зерттеу нәтижелерiн (мақалалар, шолулар, қорғау құжаттары, оның iшiнде патенттер, монографиялар, конференциялар, форумдар мен симпозиумдар материалдары, оқу құралдары және т.б.) жариялау кезiнде авторлар мiндеттi түрде бағдарламаға және

қаржыландыру көзіне (Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі) сілтеме жасауы тиіс. *Ағылшын тілді жарияланымдардағы қаржыландыру туралы мәтін мынадай болуы тиіс: «This research has been/was/is funded by the Ministry of Energy of the Republic of Kazakhstan (BR00000000)», мұнда BR00000000 – бағдарламаның ЖТН.*

6. Өтінім берушінің және (немесе) бағдарлама жетекшісінің келісімі талап етілмей, ЖТН, мақұлданған бағдарламаның және өтінім берушінің атауын, бағдарлама жетекшісінің тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), өтінім аннотациясын, күтілетін нәтижелерді және бағдарламаны іске асырудың әрбір жылы үшін алынған нәтижелердің аннотациясын (баспа және (немесе) электрондық нысанда) жариялау құқығы Орталыққа беріледі.

Ғылымды танымал ету, нәтижелер туралы ақпаратты тарату, оларды енгізу және коммерцияландыру ықтималдығын арттыру үшін бағдарламаға ұйымның немесе зертхананың сайтында (немесе жеке сайт) веб-бет құрылуы мүмкін, онда бағдарлама туралы қысқаша ақпарат көрсетілуге тиіс: өзектілігі, мақсаты, қол жеткізілген нәтижелер, зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні және олардың сәйкестендіргіштері (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, егер бар болса) және тиісті бейіндерге сілтемелері, жарияланымдар (оларға сілтемелермен) және патенттер тізімі; әлеуетті пайдаланушыларға арналған ақпарат. Веб- беттегі (немесе сайтта) ақпарат үнемі жаңартылып тұруы тиіс (жылына кемінде 1 рет). Бағдарлама шеңберіндегі әрбір ғылыми жарияланым бойынша оның сайтында және әлеуметтік желілерде және (немесе) бұқаралық ақпарат құралдарында оның мазмұны мен ықтимал қолданылуы туралы ақпарат жариялануға тиіс.

7. Бағдарлама шеңберінде алынған ғылыми зерттеулердің нәтижелері заңнамада белгіленген тәртіппен Орталықта міндетті мемлекеттік есепке алуға жатады.

8. Іске асырылатын бағдарлама шеңберінде зерттеу тобының мүшелері қажет болған жағдайда шетелдік жетекші ғылыми орталықтар мен ұйымдарда немесе шетелдік ғылыми зертханаларда халықаралық конференцияларға, семинарларға қатыса алады.

9. Стратегиялық маңызды мемлекеттік міндеттерді шешу мақсатында ғылыми зерттеулердің басқа да нәтижелері жаңа шешімдер түрінде ұсынылады және мынадай ақпараттық тасығыштарда: жаңа технологиялар мен әдістемелер, заңнама жобалары, заттар өнімдерінің прототиптері, материалдар, препараттар, құралдар, географиялық, геологиялық және басқа карталар, пайдалы қазбалар мен жер асты сулары кен орындарының перспективті алаңдары және/немесе учаскелері, сондай-ақ ерекше қорғалатын аумақтар, ұсынымдар, оқу материалдары тіркелуі тиіс.

10. Өтінім берушінің және/немесе автордың келісімін талап етпестен бағдарламаның аннотациясы мен ол бойынша ғылыми есепті (баспа және/немесе электрондық түрде) жариялау құқығы Орталыққа беріледі.

8. Бағдарламаны қаржыландыру

1. Қаржыландыруға мақұлданған бағдарламаны іске асыру Қазақстан Республикасында жүзеге асырылуға тиіс.

2. Нысаналы қаржыландыру қаражатын бағдарламаның ғылыми жетекшісі бөледі.

3. Бағдарламанды орындаушы ұйымның бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудан қаржы ұстап қалуына жол берілмейді.

4. Өтінімнің мақсаттарына, міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу үшін нысаналы қаржыландыру қаражаты Қаржыландыру қағидаларына сәйкес дайындалған және ҰҒК шешімімен бекітілген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық бағдарламаларды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысуға өтінімде көрсетілген ғылыми зерттеулерді жүргізуге тікелей байланысты шығыстар түрлеріне бағытталуы тиіс.

5. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қаражаты тиімсіз және орынсыз пайдаланылса, өтінім беруші мен бағдарлама жетекшісіне Қазақстан Республикасы заңнамасында бекітілген жауапкершілік жүктеледі.

6. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурс жеңімпаздарымен бағдарламаны іске асыруға арналған шарт заңнамада белгіленген тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін осы конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады. Шартта көрсетілген бағдарламаның күтілетін нәтижелері күнтізбелік жоспарға және бағдарламаның техникалық тапсырмасында және өтінімде көрсетілген күтілетін нәтижелерге сәйкес келуге тиіс.

7. Өтінім беруші заңнамада белгіленген тәртіппен бағдарламаның есебі мен есептілігін қамтамасыз етеді.

8. Техникалық тапсырмада көрсетілген бағдарлама нәтижелеріне қол жеткізілмеген жағдайда, ҰҒК шешімімен қорытынды есебі мақұлданбаған ғылыми жетекші нәтижелерге қол жеткізілгенге дейін (нәтижелерге қол жеткізілгені туралы Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі мен Орталық хабардар етіледі), бірақ 3 жылдан аспайтын мерзімге Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі жариялайтын бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру арналған келесі конкурстарына ғылыми жетекші ретінде қатысудан шеттетіледі. Ғылыми этиканың бұзылуы (плагиат және жалған қосалқы авторлық, қайталану, бөтен деректерді иемдену, ғылыми деректерді фабрикациялау және бұрмалау және т.б.) немесе ҰҒК шешімімен бағдарлама бойынша аралық есепті немесе қорытынды есепті мақұлдамау фактілері анықталған жағдайда, жетекші Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі жариялайтын келесі конкурстарға қатысудан 3 жылға шеттетіледі.

2023-2025 жылдарға арналған ғылыми,
ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша
бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған
конкурстық құжаттамаға
I-қосымша

ІЛЕСПЕ ХАТ

(Жеке тұлғаның атынан өтінім беру кезінде ұйым басшысының немесе өтінім берушінің қолы, тіркеу нөмірі бар фирмалық бланкіде)

1. Конкурстың атауы.
2. Конкурстың мәні болып табылатын басым және мамандандырылған ғылыми бағыттардың атауы.
3. Бағдарлама тақырыбының атауы (3 тілде).
4. Ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекетаралық рубрикатор (FTAMP) коды (xx.xx.xx; xx.xx.xx;).
5. Ғылыми зерттеу саласының атауы (мысалы: токсикология, оптика, робототехника және т.б.).
6. Зерттеу түрі (іргелі, қолданбалы зерттеулер, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар).
7. Сұралатын қаржыландыру сомасы (Бағдарламаны жүзеге асырудың жалпы барлық мерзіміне және жылдар бойынша, мың теңге).
8. Бағдарламаны іске асыруды бастау және аяқтаудың болжамды күндері.
9. Бағдарламаны іске асыру мерзімі (айларда).
10. Бағдарламаны іске асыру орны.
11. Құны 4000 АЕК-тен жоғары сатып алынатын жабдықты, аспапты, құрал-сайманды орналастыру орны туралы мәліметтер (мемлекеттік емес ұйымдар үшін).
12. Өтінімде клиникалық зерттеулердің, медициналық-биологиялық эксперименттердің және клиникалық сынақтардың болуы туралы мәліметтер (адамдар мен жануарларды тарта отырып зерттеулер жүргізу болжанып отыр ма) (медициналық-биологиялық және медицина мен ветеринарияға арналған басқа да препараттар мен құралдарды жасау саласындағы зерттеулермен байланысты ғылыми бағыттар үшін).
13. Өтінім берушінің дербес деректері:
Жеке тұлғалар үшін – жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, мекенжайы, ЖСН, байланыс телефондары (мобильді телефоны, e-mail).
Заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаның толық атауы, заңды мекенжайы, БСН, байланыс телефондары (телефоны, e-mail).
14. Бағдарлама іске асырылатын ұйым жетекшісінің дербес деректері: тегі, аты, әкесінің аты, мекенжайы, байланыс деректері (телефоны, e-mail).
15. Бағдарламаның ғылыми жетекшісі туралы деректер:
 - 1) тегі, аты, әкесінің аты, мекенжайы, ЖСН, байланыс телефондары (телефоны, e-mail), ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (бар болса), жұмыс орны және атқаратын лауазымы;
 - 2) бағдарламаның ғылыми жетекшісі соңғы үш жыл ішінде ғылыми жетекші ретінде әрекет еткен бағдарламалар/жобалар туралы деректер (ғылыми зерттеулердің тақырыптары, зерттеулерді жүргізу мерзімі мен орны, қаржыландыру көзі, бағдарламалардың/жобалардың аяқталу дәрежесі);
 - 3) ғылыми жетекші осы бағдарламаны іске асыру сәтіне қатысатын барлық бағдарламалар/жобалар (бар болса) туралы деректер (ғылыми зерттеудің тақырыбы, қаржыландыру нысаны, басым және мамандандырылған ғылыми бағыттар, өтінім берушінің атауы, бағдарламадағы / жобадағы рөлі, уақыт жүктемесінің пайызы).

Өтінім берушінің атынан құжаттарға қол қою
өкілеттігі бар тұлғаның лауазымы

қолы /Т.А.Ә./
(м.о.)

немесе жеке тұлғаның атынан өтінім беру
кезіндегі өтінім берушінің Т.А.Ә

(нотариалды куәландырылған
қолы)

Бағдарламаның ғылыми жетекшісі

қолы /Т.А.Ә./

БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

1. Бағдарлама тақырыбы

2. Бағдарламаның рефераты (абстракт)

Бөлімде бағдарламаның мақсатын, міндеттерін, өзектілігін, пайдаланылатын әдіснаманы, күтілетін нәтижелерді және олардың қолданылуын сипаттай отырып, бағдарламаның қысқаша мазмұны (250 сөзден артық емес), қажеттілігіне бағдарламаның нәтижелері бағытталған әлеуетті тұтынушылар көрсетіледі.

3. Түйін сөздер

Бөлімде бағдарламаға байланысты 10 (он) негізгі сөзге дейін көрсетіледі.

Мысалы: 1. XXX, 2. XXX, 3. XXX, 4. XXX, 5. XXX.

4. Зерттеу саласы

Бөлімде зерттеудің негізгі саласы және осы саладағы үш бағытқа дейін анықталады.

Мысалы: зерттеудің негізгі саласы: XXX. Бағыттар: YYY, ZZZ.

Ескерту: бағдарламаның қысқаша сипаттамасы А4 форматының бір бетінен аспауы тиіс.

2023-2025 жылдарға арналған ғылыми,
ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша
бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған
конкурстық құжаттамаға
2-қосымша

**Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберіндегі
ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыруға арналған
өтінім**

Өтінім мынадай бөлімдерден тұрады:

- 1) Аннотация;
- 2) Түсіндірме жазба;
- 3) Сұралатын қаржыландыру есебі.

1. Аннотация [800 сөзден аспауы тиіс]

Аннотацияда бағдарлама мақсатына, зерттеу бағытталған проблемаларға, зерттеу жүргізудің негізгі тәсілдеріне, күтілетін нәтижелерге, мемлекеттік стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда көрсетілген Қазақстан Республикасы ауқымындағы әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттары үшін зерттеу нәтижесінде шешілетін міндеттердің өзектілігіне, зерттеу нәтижелерінің экономиканың тиісті саласына, қоғамдық қатынастар және (немесе) ғылым саласына әсер ету дәрежесіне, практикалық маңыздылығына, яғни олардың коммерцияландыруға немесе Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамуының өзекті міндеттерін шешу үшін өзге сапада қолданылуға дайындық дәрежесіне қысқаша сипаттама беріледі.

2. Түсіндірме жазба

Түсіндірме жазбаның мазмұны мынадай бөлімдерді қамтиды (бұл ретте, өтінім нысанында сілтеме жасалған кестелер, схемалар, диаграммалар түсіндірме жазбаның қосымшасына енгізіледі және тиісті бөлімдердегі сөздер саны мен өтінім беттерінің жалпы санын есептегенде есепке алынбайды).

1. Жалпы ақпарат

- 1.1. Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама тақырыбының атауы [20 сөзден артық емес].
- 1.2. Басым және мамандандырылған ғылыми бағыттың атауы.
- 1.3. Зерттеу саласы мен түрі.
- 1.4. Стратегиялық маңызды мемлекеттік міндет, оны шешу үшін бағдарлама әзірленді.
- 1.5. Бағдарламаны іске асыру орны.
- 1.6. Бағдарламаның басталуы мен аяқталуының болжалды күні, оның айлармен көрсетілген ұзақтығы.
- 1.7. Бағдарламаға өтініш беруші ұйым.
- 1.8. Бағдарламаны орындаушылар (бағдарламаны іске асыруға қатысатын барлық субъектілердің атауын көрсету).
- 1.9. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру үшін сұралатын сома (бағдарламаны іске асырудың барлық мерзіміне және жылдар бойынша, мың теңгемен).
- 1.10. Тәуелсіз сарапшыларды іріктеу үшін бағдарламаның саласы мен бағытын сипаттайтын түйін сөздер.

2. Бағдарламаның жалпы тұжырымдамасы [750 сөзден артық емес].

- 2.1. Кіріспе бөлім [200 сөзден артық емес].

Бағдарлама идеясының қысқаша сипаттамасы көрсетіледі.

2.2. Бағдарламаның мақсаты [50 сөзден артық емес].

Мақсаты қысқа әрі нұсқа баяндалады, ол бағдарламаның тақырыбына және оны шешу үшін бағдарлама әзірленген стратегиялық маңызды мемлекеттік міндетке сәйкес келуі, қолжетімді және бағдарламаны іске асыру нәтижесінде алу күтілетін шешімнің сипатын көрсетуі тиіс.

2.3. Бағдарламаның міндеттері [500 сөзден артық емес].

Бұл бөлімде өзара қисынды байланысқан сабақтас міндеттер арқылы бағдарламаның мақсатына қол жеткізу тәсілі сипатталады. Алға қойылған міндеттер тізбесі беріледі:

- 1) міндет шешімдерінің өлшенетін көрсеткіштері;
- 2) бағдарламаның мақсатына қол жеткізудегі және бағдарламаның басқа да міндеттерімен және күтілетін нәтижелерімен өзара байланысты міндеттердің әрқайсысының рөлінің қысқаша негіздемесі;
- 3) өтінім берушінің ойынша маңызды деп танылған өзге де параметрлер.

3. Бағдарламаның ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы [2 000 сөзден артық емес].

Бұл бөлім келесі ақпаратты қамтиды:

1) бағдарламаны әзірлеудің ғылыми бастамалары, бағдарлама тақырыбына қатысты әлемде және Қазақстан Республикасында жүргізілген алдыңғы ғылыми зерттеулерге міндетті түрде шолу жасала отырып, ғылыми жаңалықтың негіздемесі және олардың осы бағдарламамен өзара байланысы көрсетіледі (мәнмәтінде шолуда пайдаланылған әдебиетке сілтемелер көрсетілуі тиіс, оның толық жазылуы 8 «Библиография» бөлімінде ұсынылуға тиіс), (бар болған жағдайда, бағдарлама тақырыбына қатысты алдын ала алынған нәтижелер және (немесе) өтініш беруші бұрын алған нәтижелер көрсетіледі);

1) бағдарламаның оны шешу үшін әзірленген стратегиялық маңызды мемлекеттік міндетке сәйкестігі, стратегиялық маңызды мемлекеттік міндетті шешу үшін нәтижелердің қолданылуы, бағдарламаның ұлттық және халықаралық ауқымдағы маңыздылығы, күтілетін нәтижелердің ғылым мен технологиялардың дамуына әсері, күтілетін әлеуметтік және экономикалық әсері;

3) бағдарлама нәтижелерінің маңыздылығын негіздейтін ғылыми және технологиялық қажеттіліктер (бар болған жағдайда, әлеуметтік сұранысты және (немесе) экономикалық және индустриялық мүдделілікті, басқа да растайтын деректерді енгізу);

4) бағдарламаның күтілетін нәтижелерінің бәсекеге қабілеттілігі, оларды Қазақстан Республикасындағы және әлемдегі белгілі аналогтармен салыстыру, әлемдегі ұқсас міндеттерді шешу тәжірибесі, оны бағдарлама шеңберінде қолдану;

5) бағдарлама идеясының қолданыстағы аналогтардан немесе бәсекелес идеялардан принциптік айырмашылықтары. Егер зерттеу идеясы немесе нәтижесі әлемде және (немесе) Қазақстанда бар болса, онда бағдарламаға салымдардың неге тиімді екенін негіздеу қажет;

6) егер бағдарламаның түпкі нәтижелерінің бірі өнім болса, онда бағдарламаның пәндік саласында қазіргі уақытта қалыптасқан техника деңгейін сипаттау қажет;

7) егер бағдарлама өтінім беруші бұрын жүргізген ғылыми зерттеулердің жалғасы болып табылса немесе бұрын қаржыландырылған және аяқталған ғылыми зерттеулердің элементтері болса, онда бағдарламаның бұрын жүргізілген ғылыми зерттеулермен өзара байланысын және оның олардан айырмашылықтарын қысқа да нұсқа баяндау қажет.

4. Зерттеу әдістері және этикалық мәселелер [1500 сөзден артық емес]

Бұл бөлім келесі ақпаратты қамтиды:

1) бағдарламаның негізгі ғылыми мәселелері мен гипотезаларын сипаттау, зерттеу стратегиясы мен тәсілдерін негіздеу, бағдарламада қолданылатын зерттеу типтері (сипаттама, корреляциялық және/немесе эксперименттік), зерттеу жүргізудің дәйектілігі;

2) аса маңызды эксперименттердің қысқаша сипаттамасы;

3) қойылған мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерін негіздеу ретінде бағдарламада пайдаланылатын зерттеу әдістерін сипаттау, олардың бағдарламаның мақсатымен және міндеттерімен өзара байланысы;

4) алғашқы (бастапқы) ақпаратты жинау әдістері, оның дереккөздері және бағдарламаның міндеттерін шешу үшін қолдану, деректерді өңдеу тәсілдері, сондай-ақ олардың шынайылығы мен жаңғыртылуын қамтамасыз ету;

5) зерттеу нәтижелеріне алынатын зияткерлік меншік құқықтарын рәсімдеу және бөлу шарттары (зияткерлік меншікті қорғаудың қандай тәсілі таңдалатынын көрсету, таңдауды негіздеу қажет).

5. Зерттеу тобы және бағдарламаны басқару [2 000 сөзден артық емес].

Бағдарламаны басқару схемасы, оның ішінде орындаушылар арасындағы өзара іс-қимыл тәртібі, олардың жұмысын үйлестіру және бағдарламаны іске асыру мәселелері бойынша шешімдер қабылдау тәсілдері сипатталады.

Зерттеу тобының құрамы 1-кестеге сәйкес ресімделеді. Жоспарланатын штаттың кемінде 70 %-ының (жетпіс пайыз) толық деректері көрсетіледі (зерттеу тобының негізгі персоналы). Қосымша персонал үшін (грант алған жағдайда тартылатын зерттеу тобы мүшелерінің 30%-ына дейін) кестеде олардың жобадағы орны мен рөлі, орындалатын жұмыстың сипаты және оларды іріктеу үшін қолданылатын тәсілдер көрсетіледі.

Бағдарламаның ғылыми жетекшісі үшін оның конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін растайтын барлық жарияланымдары, оның ішінде дәйексөз алу индексі, басылымның квантили (процентили) және тиісті ғылыми метрикалық базалардағы (DOI) жарияланымдар туралы мәліметтерге сілтемелермен бірге көрсетілуі тиіс. Өтінім берілген күннің алдындағы 5 (бес) жыл ішінде оның қандай бағдарламаларды басқарғанын және олардың шеңберінде қандай нәтижелер алынғанын көрсету қажет.

Бағдарлама бағыты бойынша зерттеу тобының негізгі персоналының жарияланымдары туралы мәліметтер (зерттеу тобы мүшелерінің кемінде 10 жарияланымы), дәйексөз алу индексі және тиісті ғылыми-метрикалық базалардағы жарияланымдар туралы мәліметтерге сілтемелері бар мәліметтер келтірілуі тиіс. Зерттеу тобы мүшелерінің тегі асты сызылып көрсетілуі тиіс.

6. Зерттеу ортасы [1 000 сөзден артық емес].

Бөлім мынадай ақпаратты қамтиды:

1) әрбір орындаушының бағдарламаға қатысуын оның рөлін, бастамаларын және бағдарлама мақсатына қол жеткізуге қосқан үлесін ескере отырып негіздеу (бүкіл кезең ішінде бағдарламаны іске асыруға қатысатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері бағдарламаны орындаушылар болып есептеледі);

2) бағдарламаны іске асыруға әр ұйымды жұмысқа тарту қажеттілігін негіздей отырып, бөгде ұйымдарды қатыстыру, оның бағдарламадағы рөлін, орындалатын жұмыстың сипаты мен мақсатын және күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге қосқан үлесін сипаттау;

3) бағдарламаны іске асыру үшін тікелей пайдаланылатын орындаушыларда бар материалдық-техникалық базаны (жабдықтар, аспаптар, құрал-сайман, көлік, ғимараттар, құрылыстар және т.б.), оны пайдалану бағытын және ғылыми-зерттеу жабдығымен жұмыс істеу дағдысы бар зерттеу тобының мүшелерін көрсете отырып сипаттау;

4) бағдарламаны іске асыру үшін пайдаланылатын негізгі отандық және халықаралық байланыстар (коллабораторлар және әріптестер), олардың пайдаланылу сипаты мен негіздемесін көрсету, басқа отандық және шетелдік ұйымдардың (зертханалардың) инфрақұрылымын негіздей отырып пайдалану;

5) ұтқырлықты негіздеу: (1) ғылыми іссапарлар және олардың бағдарламаны іске асыруға әсері, (2) әріптес ұйымдар базасындағы жұмыс кезеңдері және олардың бағдарламаны іске асыруға әсері. Әрбір шетелдік іссапар үшін іссапардың мақсаты, күтілетін нәтижесі және орындаушының бағдарламаның мақсатына қол жеткізуге қосқан үлесі қысқаша көрсетіледі.

7. Сұралатын қаржыландырудың негіздемесі [2 000 сөзден артық емес].

Бөлім мынадай ақпаратты қамтиды:

1) 2-кестеге сәйкес бағдарлама (бюджет) бойынша жиынтық есеп. Бағдарламаның бюджетін бағдарламаның ғылыми жетекшісі жұмыс жоспарына сәйкес бөледі және осы бағдарламаға байланысты емес шығыстардың өзге баптарына бағытталмайды.

«Еңбекке ақы төлеу (салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қоса алғанда)» деген бапта 3-кестеге сәйкес постдокторанттарды, докторантура, магистратура және бакалавриат студенттеріне, сондай-ақ қаржылық-экономикалық және заңдық сүйемелдеуді жүзеге асыратын адамдарды қоса алғанда, бағдарламаның зерттеу тобының мүшелеріне еңбегі үшін сыйақы ретінде төлеуге жататын шығыстар жеке табыс салығы мен міндетті зейнетақы жарнасы ескеріле отырып көрсетіледі. Сондай-ақ есептегенде өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдерден басқа, демалыс төлемдері де ескеріледі. Бапта әлеуметтік салықты, әлеуметтік сақтандыруды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге жұмсалған шығыстар да көрсетіледі.

«Қызметтік іссапарлар» деген бапта 4-кестеге сәйкес конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға қатысуды, басқа ұйымдардың инфрақұрылымын пайдалану үшін баруды қоса алғанда, зерттеулер жүргізумен тікелей байланысты Қазақстан Республикасының шегінде және одан тыс жерлерге іссапарлармен байланысты барлық шығыстары көрсетіледі (билеттер бойынша (авто, теміржол, әуе билеттері) қызмет көрсететін компаниялардың сайттарынан баға ұсыныстарын, іссапарлар жоспарының жобасын қоса беру керек). Аталған кестені толтыру кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 қаулысымен бекітілген, Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 мамырдағы № 256 «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» қаулысын басшылыққа алу қажет.

«Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу, басқа да көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар» деген бапта 5-кестеге сәйкес орындаушының кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алатын, нәтижесі бағдарламаның мақсатына қол жеткізу үшін қажетті көрсетілетін қызметтерге, оның ішінде (1) ұжымдық ғылыми зертханалар мен басқа да зертханалардың көрсетілетін қызметтеріне, (2) бірлесіп орындаушы ұйымдардың көрсетілетін қызметтеріне, (3) конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға қатысу үшін ұйымдастырушылық жарналарға, (4) бағдарламаның нәтижесінде алынған ғылыми нәтижелерді патенттеуге, (5) зерттеу нәтижелерін жариялауға, (6) талдамалық материалдарды сатып алуға арналған шығыстар көрсетіледі (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін кемінде 1 (бір) баға ұсынысын және (немесе) прайс-парақты қоса беру керек). Бағдарламаны іске асыруға қатысатын шетелдік ғалымдар мен басқа да ұйымдардың қызметкерлері зерттеу тобының мүшелері болып табылатын жағдайда, олардың қатысуға арналған шығыстары «Еңбекке ақы төлеу» деген бөлімде көрсетіледі.

«Материалдар сатып алу (жеке және заңды тұлғалар үшін), жабдықтарды және (немесе) программалық жасақтаманы (заңды тұлғалар үшін) сатып алу» деген бапта 6-кестеге сәйкес бағдарламаның мақсатына қол жеткізу үшін қажетті материалдарға арналған барлық шығындар мен жабдықтарды және программалық жасақтаманы сатып алуға арналған шығыстар көрсетіледі, оның ішінде химиялық реактивтер, еріткіштер, стандартты үлгілер, зертханалық шығыс материалдар, ғылыми-зерттеу жабдықтарына арналған қосалқы бөлшектер, жанар-жағармай материалдары және басқалар (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін кемінде 1 (бір) баға ұсынысын және (немесе) прайс-парақты қоса беру керек). Бұл ретте жабдықтар мен программалық жасақтаманы сатып алуға жеке тұлғаларға жол берілмейді.

«Жалға алу шығыстары, зерттеулерді іске асыру үшін пайдаланылатын жабдықтар мен техниканы пайдалану шығыстары» деген бапта 7-кестеге сәйкес өтінім берушінің

